Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі 2025 жылғы
29 қазандағы № 416-н/қ
бұйрығына 26-қосымша

Кәсіптік стандарт: «Кәбілдік және әуелік электр беру желілеріне қызмет көрсету»

1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: «Кәбілдік және әуелік электр беру желілеріне қызмет көрсету» кәсіби стандарты «Кәсіптік біліктіліктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес әзірленген, білім беру бағдарламаларын құру талаптарын, оның ішінде кәсіпорындарда персоналды оқытудың, жұмыскерлердің және білім беру ұйымдарын бітірушілердің кәсіби біліктілігін тану және энергетикалық ұйымдар мен кәсіпорындарда персоналды басқару саласындағы міндеттердің кең ауқымды шешімдерін белгілейді.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) Білім – кәсіби міндет аясында әрекеттерді орындау үшін қажетті меңгерілген және игерілген ақпарат.

2) Біліктілік – алынған білімнің, дағдылардың және құзыреттердің еңбек нарығында және білім беру жүйесінде маңыздылығын растайтын, еңбек қызметін жүзеге асыру құқығын беретін тану процесі.

3) Дағды – кәсіби міндетті толық орындауға мүмкіндік беретін білім мен іскерлікті қолдану қабілеті.

4) Іскерлік – адамның кәсіби міндеттерді шешу үшін білімге сүйене отырып, оны дұрыс пайдалану қабілетін көрсететін әрекеттер жиынтығы.

5) Кәсіп – адамның еңбек қызметінің негізгі түрі, ол арнайы теориялық білімдер, дағдылар мен тәжірибелік іскерлікті игеруді талап етеді, бұл білімдер тиісті білім беру құжаттарымен және/немесе еңбек өтілімен расталады.

6) Кәсіби стандарт – белгілі бір кәсіби топта (кәсіби қызмет саласында) немесе ішкі топта (еңбек қызметінің түрінде) біліктілік пен құзыреттілік деңгейіне, мазмұнына, сапасына және еңбек жағдайларына қойылатын талаптарды анықтайтын стандарт.

7) Салалық біліктілік шеңбері (СБШ) – ұлттық біліктілік жүйесінің құрамдас бөлігі (ішкі жүйесі), салада мойындалған әртүрлі біліктілік деңгейлерін көрсететін шеңберлік құрылым.

8) Мамандық – тиісті білім беру құжаттарымен және/немесе еңбек өтілімен расталатын, арнайы дайындық нәтижесінде ие болатын арнайы теориялық білімдер мен икемділікті және тәжірибелік дағдыларды талап ететін адамның еңбек қызметінің негізгі түрі.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

1) БА – басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы

2) БТБА – жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы

3) ӘЖ – әуе желісі

4) КЖ – кәбіл желісі

5) ТП – тарату пункті

6) ТҚС – трансформаторлық қосалқы станция

7) ЭТА – электр тораптары ауданы

8) ҚС – қосалқы станция

2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Кәбілдік және әуелік электр беру желілеріне қызмет көрсету

5. Кәсіптік стандарттың коды: D35121069

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

D Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау

35 Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен қамтамасыз ету

35.1 Электр энергиясын өндіру, беру және бөлу

35.12 Электр энергиясын беру

35.12.1 Электр энергиясын беру

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Кәбілдік және әуе электр беру желілеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу. «Білім» тарауындағы теориялық және практикалық білімге қойылатын талаптармен қатар, қызметкер мыналарды білуі тиіс: еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі бойынша ережелер мен нормалар, жеке қорғаныс құралдарын пайдалану қағидалары, орындалған жұмысқа (қызметке) қойылатын сапа талаптары, жұмыс орнында еңбекті ұтымды ұйымдастыру қағидалары, өндірістік дабыл ережелері.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

1) Шоғырсым желілері жолдарын қадағалау жөніндегі электромонтер - 3 СБШ-нің деңгейі

2) Сым тізбектерінің жолдарын сұлбалау электромонтері - 3 СБШ-нің деңгейі

3) Электр тектес кәсіптердің желілері трассаларын нобайлау жөніндегі электромонтер - 3 СБШ-нің деңгейі

4) Электр беру желілеріне қызмет көрсету шебері - 5 СБШ-нің деңгейі

3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

9. Кәсіптің карточкасы «Шоғырсым желілері жолдарын қадағалау жөніндегі электромонтер»:			
Топтың коды:	7411-0		
Қызмет атауының коды:	7411-0-022		
Кәсіптің атауы:	Шоғырсым желілері жолдарын қадағалау жөніндегі электромонтер		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	9-шығарылым. «Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (9-шығарылым) бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі №149 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 11 мамырда №22707 болып тіркелді. 24-параграф. Шоғырсым желілері жолдарн қадағалау жөніндегі электромонтер, 3-разряд Шоғырсым желілері жолдарн қадағалау жөніндегі электромонтер		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)	Біліктілік: Электромонтер (түрлері және салалары бойынша)
	Білім деңгейі: ТжКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: негізгі орта білім	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Талап етілмейді		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Талап етілмейді		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	7411-0-021 - Электромонтажшы-чертежник		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Қызмет көрсету аймағындағы кабельдік трассалардың жағдайын қадағалау		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Кәбілдік құрылыстарда, ашық және жабық аумақтарда төселген КЖ трассаларын аралау және тексеру жұмыстарын жүргізу 2. Электр беру КЖ тексеру бойынша құжаттаманы жүргізу	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Кәбілдік құрылыстарда, ашық және жабық аумақтарда төселген КЖ трассаларын аралау және тексеру жұмыстарын жүргізу			

Дағды 1: Ашық және жабық аумақтардағы электр беру желілерінің жарамдылығын қарап аралау және тексеру	Машықтар:
	3-Разряд 1. Кәбілдердің механикалық зақымданудан қорғалуын тексеру. 2. Ұштық муфталардың жарамдылығын, көрінетін ақаулардың болмауын тексеру. 3. Қауіпсіздік белгілері мен плакаттарының, кәбілдік трассаларды көрсететін тану белгілерінің (ақпараттық және танымдық, соның ішінде жағалық белгілердің) бар-жоғын және олардың жағдайын тексеру. 4. Кәбілдердің инженерлік коммуникациялармен (құбыр желілерімен) қиылысу орындарының шөгуін тексеру. 5. КЖ-нің автомобиль жолдары мен электрлендірілген рельстік көлік жолдарымен қиылысу орындарын қарап аралау. 6. Кәбілдік желілердің орлар, жыралар, су бөгеттері (бұлақтар, өзендер, көлдер) арқылы қиылысатын жерлерін, сондай-ақ еңіс аймақтардағы трассаларын қарап аралау. 7. Инженерлік құрылыстар арқылы төселген кәбілдерді қарап аралау. 8. Қабырғалардан өтетін жерлерде (ғимарат қабырғалары немесе әуе электр беру желілерінің тіректері) кабельдер мен құбыр қабырғалары арасындағы саңылаулардың герметикалық тығыздалуының болуы мен сапасын тексеру.
	Білімдер:
	3-Разряд 1. Кәбілдік электр беру желілері трассаларын аралау тәртібі мен кезеңділігі. 2. Электр станциялары мен желілерінің күштік кәбілдік электр беру желілерін техникалық пайдалану қағидалары. 3. Электр желілік шаруашылық нысандарының қорғау аймақтарын белгілеу және осы аймақтар шегіндегі жер учаскелерін пайдалану ерекшеліктеріне қойылатын талаптар. 4. Кәбілдік электр беру желілері орналасқан аймақтарда жер қазу жұмыстарын жүргізу ережелері. 5. Кәбілдердің мақсаты және оларды төсеу тәртібі. 6. Кернеумен орындалатын жұмыстар туралы жалпы мәліметтер. 7. Кәбілдік электр беру желілерін механикалық зақымданудан қорғау әдістері. 8. Электр беру желілерінің бір сызықты схемалары және пайдаланылатын желілердің негізгі техникалық және конструктивтік пайдалану сипаттамалары көрсетілген тізімі. 9. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша ішкі еңбек тәртібі, өндірістік санитария қағидалары, өрт қауіпсіздігі талаптары.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды

	Дағды 2: Кәбілдік құрылыстарда жүргізілген кәбілдік электр беру желілері трассаларын аралау және қарап тексеру жұмыстарын жүргізу	Машықтар:
		3-Разряд 1. Кәбілдердің металл қабықтарының коррозияға қарсы жабындарының жағдайын тексеру. 2. Қосқыш муфталар мен ұштық бекітілімдердің сыртқы жағдайын тексеру. 3. Кәбілдердің орнынан жылжуын, салбырауын, сондай-ақ кәбілдер арасындағы қашықтықтың сақталуын тексеру. 4. Кәбілдердің таңбалануының бар болуын және оның дұрыстығын тексеру. 5. Кәбілдік құрылыстарды (қабаттар, жартылай қабаттар, жертөлелер, арналар, коллекторлар, туннельдер, шахталар, галереялар, эстакадалар және құдықтар) қарап аралау жұмыстарын жүргізу.
		Білімдер:
		3-Разряд 1. Электротехниканың негіздері. 2. Кәбілдік электр беру желілері өтетін аймақтарда жер қазу жұмыстарын жүргізу ережелері. 3. Кәбілдік электр беру желілерінің трассаларын қарап аралау тәртібі мен кезеңділігі. 4. Кәбілдердің мақсаты және оларды төсеу тәртібі. 5. Кернеумен орындалатын жұмыстар туралы жалпы мәліметтер. 6. Кәбілдік электр беру желілерін механикалық зақымданудан қорғау әдістері. 7. Құралдар мен құрылғыларды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы ережелері. 8. Электр беру желілерінің бір сызықты схемалары және пайдаланылатын желілердің негізгі техникалық және конструктивтік пайдалану сипаттамалары көрсетілген тізімі. 9. Электр станциялары мен желілерінің күштік кабельдік электр беру желілерін техникалық пайдалану қағидалары. 10. Электр желілік шаруашылық нысандарының қорғау аймақтарын белгілеу және осы аймақтардың шекараларында орналасқан жер учаскелерін пайдалану ерекшеліктеріне қойылатын талаптар. 11. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша ішкі еңбек тәртібі, өндірістік санитария қағидалары, өрт қауіпсіздігі талаптары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Еңбек функциясы 2: Электр беру КЖ тексеру бойынша құжаттаманы жүргізу	Дағды 1: Кәбілдік электр беру желілерін аралау және тексеру нәтижелерін рәсімдеу	Машықтар:
		3-Разряд 1. Кәбілдік электр беру желілерін аралау және тексеру нәтижелерін тіркеу, анықталған ақауларды ақаулар журналына жазу. 2. Аралау және тексеру барысында анықталған ақауларды жою бойынша нұсқамаларды дайындау. 3. Белгіленген мерзімде жойылмаған бұзушылықтар туралы хаттамаларды құру. 4. Апаттық телефонограммалар мен жер қазу жұмыстарына ордерлерді ресімдеу. 5. Кәбілдік электр беру желілерінің сақталуына жауапты тұлғаларға жабық аумақтарда жүргізілген кәбілдік электр беру желілерін аралау және тексеру барысында анықталған ақауларды жою бойынша нұсқамалар беру.

		Білімдер:
		3-Разряд 1. Электр станциялары мен желілерін техникалық пайдалану ережелеріне сәйкес кабельдік электр беру желілеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын сүйемелдеуге арналған құжаттаманың номенклатурасы және оны ресімдеу тәртібі. 2. Техникалық құжаттаманы жүргізу. 3. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша ішкі еңбек тәртібі, өндірістік санитария қағидалары, өрт қауіпсіздігі талаптары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
	Дағды 2: Ақаулар туралы хабарлау	Машықтар:
		3-Разряд 1. Шұғыл жоюды талап ететін ақауларды анықтау. 2. Кәбілдік электр беру желілері трассаларының жанында рұқсатсыз жүргізіліп жатқан жер қазу жұмыстары бойынша инцидентті анықтау. 3. Анықталған ақаулар туралы шеберді хабардар ету.
		Білімдер:
		3-разряд 1. Электр станциялары мен желілерін техникалық пайдалану ережелеріне сәйкес кабельдік электр беру желілеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын сүйемелдеуге арналған құжаттаманың номенклатурасы және оны ресімдеу тәртібі. 2. Техникалық құжаттаманы жүргізу. 3. Еңбек тәртібі ережелері. 4. Кәбілдік электр беру желілері өтетін аймақта жер қазу жұмыстарын жүргізу ережелері. 5. Кәбілдік электр беру желілері трассаларын аралау тәртібі мен кезеңділігі. 6. Ішкі еңбек тәртібі, қауіпсіздік және еңбекті қорғау. өндірістік санитария қағидалары, өрт қауіпсіздігі талаптары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Тәртіптілік Байланысқа бейімділік, зейінділік, ұйымдастырушылық, белсенділік.	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	Электр станциялары мен желілерін техникалық пайдалану қағидалары, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы №247 бұйрығы; Электр станцияларының және жылу желілерінің жылу-механикалық жабдықтарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидалары, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №122 бұйрығы; Энергетика кәсіпорындары үшін өрт қауіпсіздігі қағидалары, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №123 бұйрығы; Электр қондырғыларын орнату қағидалары, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №230 бұйрығы; Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидалары, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №253 бұйрығы; Энергетикалық ұйымдарында персоналмен жұмыс істеу қағидалары, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы №234 бұйрығы.	
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	5	Учаске шебері
	4	Техник-электрик
10. Кәсіптің карточкасы «Сым тізбектерінің жолдарын сұлбалау электромонтері»:		
Топтың коды:	7413-2	
Қызмет атауының коды:	7413-2-032	
Кәсіптің атауы:	Сым тізбектерінің жолдарын сұлбалау электромонтері	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3	

СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	9-шығарылым. «Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (9-шығарылым) бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі №149 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 11 мамырда №22707 болып тіркелді. 23-параграф. Сым тізбектерінің жолдарын сұлбалау электромонтері, 2-разряд Сым тізбектерінің жолдарын сұлбалау электромонтері		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)	Біліктілік: Электромонтер (түрлері және салалары бойынша)
	Білім деңгейі: ТжКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)	Біліктілік: Электр монтаждаушы (салалар бойынша)
	Білім деңгейі: негізгі орта білім	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Талап етілмейді.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Талап етілмейді		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	7413-2-033 - Электр тектес кәсіптердің желілері трассаларын нобайлау жөніндегі электромонтер		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Кабель желілерінің трассаларына техникалық қызмет көрсету бойынша техникалық құжаттаманы жүргізу		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Техникалық құжаттаманы жүргізу және жаңа КЖ арналған эскиздерді жасау	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Техникалық құжаттаманы жүргізу және жаңа КЖ арналған эскиздерді жасау	Дағды 1: Жаңа КЖ мен жұмыс істеп тұрған КЖ муфталарына арналған эскиздер, паспорттық карталар, жоспарлар жасау және оларға өзгерістер енгізу	Машықтар:	
		2-Разряд 1. Жаңа кабельдік желілерге КЖ және жұмыс істеп тұрған КЖ жаңа муфталарына арналған эскиздерді жасау, оларды реперлер бойынша тексеру немесе жекелеген құрылыстарға байлау. 2. Тарату пункттері мен трансформаторлық қосалқы станциялардың мекенжайлары мен нөмірленуі бойынша техникалық құжаттаманы жүргізу. 3. КЖ мен муфталардың орналасуындағы барлық өзгерістерді жоспарлар мен калькаларға енгізу. 4. Қайта жүргізілген кабельдік желілерге арналған паспорттық карталарды жасау.	
		Білімдер:	
		2-Разряд 1. Эскиздерді жасау және мен калькалардың жоспарларын дайындау ережелері. 2. Топографиялық белгілер мен шартты таңбалар. 3. Кабельдердің неге арналғаны. 4. Қауіпсіздік техникасы ережелері. 5. Кәбілдік жер асты жұмыстарына арналған сызбалар мен жобаларды оқу қағидалары. 6. Электртехника негіздері бойынша бастапқы мәліметтер. 7. Қауіпсіздік техникасы, техникалық пайдалану және электр қондырғыларын орнату ережелері. 8. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша ішкі еңбек тәртібі, Өндірістік санитария қағидалары, өрт қауіпсіздігі талаптары.	
		Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды

	Дағды 2: Тозған жоспарлардың және калькалардың орнына жаңаларын дайындау	Машықтар:
		2-разряд 1. Тозған жоспарлардың және калькалардың орнына жаңаларын дайындау. 2. Жаңа КЖ-ге эскиздер бойынша жоспарлар және калькалар дайындау. 3. Жоспарларда және калькаларда КЖ мен муфталардың орналасуының барлық өзгерістерін көрсету. 4. Жаңадан төселген КЖ-ге паспорттық карталар жасау.
		Білімдер:
		2-разряд 1. Эскиздерді жасау және мен калькалардың жоспарларын дайындау ережелері. 2. Топографиялық белгілер мен шартты таңбалар. 3. Кабельдердің неге арналғаны. 4. Қауіпсіздік техникасы ережелері. 5. Кәбілдік жер асты жұмыстарына арналған сызбалар мен жобаларды оқу қағидалары. 6. Электротехника негіздері бойынша бастапқы мәліметтер. 7. Қауіпсіздік техникасы, электр қондырғыларын техникалық пайдалану және орнату ережелері. 8. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, ішкі еңбек тәртібі, Өндірістік санитария қағидалары, өрт қауіпсіздігі талаптары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Тәртіптілік Байланысқа бейімділік, зейінділік, ұйымдастырушылық, белсенділік.	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	Электр станциялары мен желілерін техникалық пайдалану қағидалары, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы №247 бұйрығы; Электр станцияларының және жылу желілерінің жылу-механикалық жабдықтарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидалары, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №122 бұйрығы; Энергетика кәсіпорындары үшін өрт қауіпсіздігі қағидалары, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №123 бұйрығы; Электр қондырғыларын орнату қағидалары, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №230 бұйрығы; Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидалары, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №253 бұйрығы; Энергетикалық ұйымдарында персоналмен жұмыс істеу қағидалары, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы №234 бұйрығы.	
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	5	Учаске шебері
	4	Техник-электрик
11. Кәсіптің карточкасы «Электр тектес кәсіптердің желілері трассаларын нобайлау жөніндегі электромонтер»:		
Топтың коды:	7413-2	
Қызмет атауының коды:	7413-2-033	
Кәсіптің атауы:	Электр тектес кәсіптердің желілері трассаларын нобайлау жөніндегі электромонтер	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3	
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	9-шығарылым. «Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (9-шығарылым) бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 149 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 11 мамырда № 22707 болып тіркелді. 56-параграф. Электр тектес кәсіптердің желілері трассаларын нобайлау жөніндегі электромонтер, 3-разряд Электр тектес кәсіптердің желілері трассаларын нобайлау жөніндегі электромонтер	

Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)	Біліктілік: Электр монтаждаушы (салалар бойынша)
	Білім деңгейі: ТжКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)	Біліктілік: Электромонтер (түрлері және салалары бойынша)
	Білім деңгейі: негізгі орта білім	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Талап етілмейді.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Талап етілмейді		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	7413-2-032 - Сым тізбектерінің жолдарын сұлбалау электромонтері		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Электр тектес кәсіптердің желілері трассаларына техникалық қызмет көрсету жөніндегі техникалық құжаттаманы жүргізу		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Электр берілісі желілерінің трассаларына техникалық қызмет көрсету кезінде кез келген бұзылыстар мен сәйкессіздіктерді болдырмау және жою	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Электр берілісі желілерінің трассаларына техникалық қызмет көрсету кезінде кез келген бұзылыстар мен сәйкессіздіктерді болдырмау және жою	Дағды 1: Жаңа КЖ-ге зскиздер бойынша жоспарлар мен калькалар дайындау	Машықтар:	
		3-разряд 1. Жаңа КЖ-ге зскиздер бойынша жоспарлар мен калькалар дайындау. 2. Жаңа кабельдік желілерге КЖ және жұмыс істеп тұрған КЖ жаңа муфталарына арналған эскиздерді жасау, оларды реперлер бойынша тексеру немесе жекелеген құрылыстарға байлау. 3. Жаңа КЖ-ге зскиздер бойынша жоспарлар мен калькалар дайындау 4. Тозғандарының орнына жаңа жоспарлар мен калькалар дайындау. 5. Жоспарлар мен калькаларға КЖ және муфталарының орналасуындағы барлық өзгерістерді енгізу.	
		Білімдер:	
		3-Разряд 1. Эскиздерді жасау және мен калькалардың (схемалардың) жоспарларын дайындау ережелері, Топографиялық белгілер мен шартты таңбалар. 2. ӘЖ, БП, ТҚС және КЖ неге арналғаны. 3. Кәбілдік және әуелік желілер құрылыстарының сызбалары мен жобаларын оқу қағидалары. 4. Электротехника негіздері. 5.Қауіпсіздік техникасы, электр қондырғыларын техникалық пайдалану және орнату ережелері. 6. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша ішкі еңбек тәртібі, Өндірістік санитария қағидалары, өрт қауіпсіздігі талаптары.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды	

	Дағды 2: Жаңа КЖ мен ӘЖ трассаларына эскиздеу жоспарларын, паспорттық карталар жасау және олардың өзгерістерін енгізу	Машықтар:
		3-разряд: 1. ӘЖ трассаларын жергілікті және жекелеген құрылыстарға байлаумен эскиздеу жоспарларын жасау, орнатылған және қосылған жабдық тіреулерінің типтерін көрсетумен. 2. ӘЖ бастапқы құрылысына паспорттық деректер құру. 3. Жаңалан салынған ӘЖ-ге паспорттық деректер құру. Қолданыстағы жоспарларды түзету. 4. ӘЖ, сондай-ақ, БП және ТҚС схемаларына тіреу нөмірлерін жазу. 5. Мекенжайлар бойынша техникалық құжаттама жүргізу.
		Білімдер:
		3-Разряд 1. Эскиздерді жасау және мен калькалардың (схемалардың) жоспарларын дайындау ережелері, Топографиялық белгілер мен шартты таңбалар. 2. ӘЖ, БП, ТҚС және КЖ неге арналғаны. 3. Кәбілдік және әуелік желілер құрылыстарының сызбалары мен жобаларын оқу қағидалары. 4. Электротехника негіздері. 5.Қауіпсіздік техникасы, электр қондырғыларын техникалық пайдалану және орнату ережелері. 6. Ішкі еңбек тәртібі, қауіпсіздік және еңбекті қорғау. Өндірістік санитария қағидалары, өрт қауіпсіздігі талаптары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Тәртіптілік Байланысқа бейімділік, зейінділік, ұйымдастырушылық, белсенділік.	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	Электр станциялары мен желілерін техникалық пайдалану қағидалары, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы №247 бұйрығы; Электр станцияларының және жылу желілерінің жылу-механикалық жабдықтарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидалары, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №122 бұйрығы; Энергетика кәсіпорындары үшін өрт қауіпсіздігі қағидалары, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №123 бұйрығы; Электр қондырғыларын орнату қағидалары, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №230 бұйрығы; Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидалары, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №253 бұйрығы; Энергетикалық ұйымдарында персоналмен жұмыс істеу қағидалары, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы №234 бұйрығы.	
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	5	Учаске шебері
	4	Техник-электрик
12. Кәсіптің карточкасы «Электр беру желілеріне қызмет көрсету шебері»:		
Топтың коды:	1329-3	
Қызмет атауының коды:	-	
Кәсіптің атауы:	Электр беру желілеріне қызмет көрсету шебері	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	5	
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы «Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2020 жылғы 31 желтоқсанда № 22003 тіркелді. 90-параграф. Учаске шебері. Учаске шебері	

Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат)	Мамандық: Электрмен қамтамасыздандыру (салалар бойынша)	Біліктілік: Электрмен қамтамасыздандыру қолданбалы бакалавры
	Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат)	Мамандық: Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша)	Біліктілік: Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану қолданбалы бакалавры
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Инженерия және инженерлік іс	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)	Біліктілік: Техник-электрик
	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)	Біліктілік: Техник-электрик
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Сәйкес кадрларды даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және өндірісте кемінде 1 жыл жұмыс өтілі немесе сәйкес мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (арнаулы орта, орта кәсіптік) білім және өндірісте кемінде 3 жыл жұмыс өтілі. Егер сәйкес мамандық бойынша білімі болмаса, өндірісте кемінде 5 жыл жұмыс өтілі талап етіледі.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Талап етілмейді		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	1329-3-013 - Участке мастері (электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны кондинционерлеу)		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Әуе және кәбілдік электр беру желілеріне техникалық қызмет көрсету		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. ӘЖ және КЖ техникалық қызмет көрсету және техникалық жағдайы туралы деректерді құру жұмыстарын орындау 2. ӘЖ және КЖ берілісі ақауларын анықтау және оларды жою	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: ӘЖ және КЖ техникалық қызмет көрсету және техникалық жағдайы туралы деректерді құру жұмыстарын орындау			

	Дағды 1: Электр беру желілеріне қызмет көрсету бойынша жұмыстарды дайындауды ұйымдастыру	Машықтар:
		1. Бригадаларға және жекелеген жұмысшыларға (бригада құрамына кірмейтін) бекітілген өндірістік жоспарларға және кестелерге сәйкес өндірістік тапсырмалар белгілеу және уақытылы жеткізу. 2. Жоғары кернеулі электр беру желілеріне қызмет көрсететін персоналдың біліктілігін арттыру бойынша сабақтар өткізу және нұсқама жүргізу. 3. Төтенше жағдайларда персоналдың әрекеттерін пысықтау бойынша жаттығулар, сабақтар өткізу, қауіпсіз еңбек әдістері мен тәсілдерін үйрету, зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету дағдыларын оқыту. 4. ӘЖ және КЖ жоспарлы жұмыстарды жүргізу үшін өшіру кестелерін дайындау. 5. Телімді қайта құрылымдау, ӘЖ және КЖ жөндеу бойынша аяқталған жұмыстарды қабылдау. 6. Жоғары кернеулі электр беру желілерінің құрылысын жобалау және қайта құрылымдау үшін бастапқы деректер мен техникалық шарттарды әзірлеу. 7. Апаттар мен табиғи апаттардың салдарын жою бойынша штаб жұмыстарын жүргізу, зақымдалған электр беру желілерін қалпына келтіру. 8. ӘЖ және КЖ тексеру, жөндеу және техникалық қызмет көрсету жоспарлары мен кестелерінің жобаларын дайындау және олардың орындалуын бақылау. 9. Ақаулық тізімдерін, жұмыс жүргізу жобаларын, еңбек ұйымдастыру карталарын және басқа да технологиялық жөндеу құжаттамасын құру.
		Білімдер:
		1. ӘЖ және КЖ негізгі жабдықтары мен құрылыстарының техникалық сипаттамалары, конструктивтік ерекшеліктері. 2. Жоғары кернеулі электр беру желілерін пайдалану мәселелері бойынша ұйымдастырушылық-басқарушылық, нормативтік және әдістемелік құжаттар. 3. Энергетикалық жабдықтарды жөндеу және монтаждау кезінде қолданылатын құралдар мен құрылғыларды пайдалану ережелері. 4. Өндірістегі апаттар мен басқа да технологиялық бұзушылықтарды, жазатайым оқиғаларды тергеу және есепке алу бойынша нұсқаулықтар мен ережелер. 5. Жекелеген ӘЖ және КЖ қалыпты, апаттық, апаттан кейінгі және жөндеу режимдері, ӘЖ және КЖ бойынша тоқ және температура бойынша рұқсат етілетін артық жүктемелер. 6. Электр станциялары мен желілерін техникалық пайдалану ережелері, электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы. 7. Электр қондырғыларында қолданылатын қорғаныс құралдарын пайдалану және сынау ережелері, оларға қойылатын техникалық талаптар. 8. ӘЖ және КЖ жұмысқа рұқсат беру, жөндеуге тапсыру және жөндеуден қабылдау тәртібі. 9. Жоғары кернеулі электр беру желілеріне жөндеу және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын ұйымдастыру және орындау технологиясы. 10. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша ішкі еңбек тәртібі, Өндірістік санитария қағидалары, өрт қауіпсіздігі талаптары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды

	Дағды 2: Электр беру желілеріне қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындауды ұйымдастыру	Машықтар:
		1. ӘЖ және КЖ электр жабдықтарының үздіксіз және техникалық дұрыс пайдаланылуын және сенімді жұмысын қамтамасыз ету, жұмысқа қабілетті жағдайда ұстау. 2. Жабдықтарға жөндеу аралық қызмет көрсетуді, уақытылы және сапалы жөндеуді және жаңғыртуды ұйымдастыру. 3. Электр энергиясы берілісінің жоғары кернеулі ӘЖ және КЖ жөндеу және пайдалану жұмыстарын орындау. 4. Жабдықтарды монтаждау, күрделі жөндеуге жұмсалатын қаражатты тиімді жұмсау, жабдықтарды қоймаларда сақтаудың дұрыстығы бойынша жұмыстардың сапасын бақылаумен қамтамасыз ету. 5. Жабдықтардың, материалдардың, қосалқы бөлшектердің, құрылымдардың, бөлшектердің нормативтік апаттық және сақтандыру қажеттіліктеріне есеп жүргізу. 6. ӘЖ және КЖ сынақтарын жүргізу, олардың техникалық параметрлерін өлшемдеріне, анықталған жарамсыздықтарына сынақтар жүргізу, олардың жойылуын бақылау. 7. Жабдықтарға, материалдарға, қосалқы бөлшектерге, арматураға, құрал-саймандарға, көмекші саймандарға, техникалық жарақтандыруға, қорғаныс құралдарына және басқа материалдық ресурстарға өтінімдер рәсімдеу. 8. Жобалау-конструкторлық және нормативтік құжаттаманы рәсімдеу.
		Білімдер:
		1. ӘЖ және КЖ негізгі жабдықтары мен құрылыстарының техникалық сипаттамалары, конструктивтік ерекшеліктері. 2. Жоғары кернеулі электр беру желілерін пайдалану мәселелері бойынша ұйымдастырушылық-өкімдік, нормативтік және әдістемелік құжаттар. 3. Энергетикалық жабдықты жөндеу және монтаждау кезінде қолданылатын құрал-саймандарды, көмекші саймандарды пайдалану ережелері. 4. Өндірістегі апаттар мен басқа да технологиялық бұзушылықтарды, жазатайым оқиғаларды тергеу және есепке алу бойынша нұсқаулықтар мен ережелер. 5. Жекелеген ӘЖ және КЖ қалыпты, апаттық, апаттан кейінгі және жөндеу режимдерінің жұмысы, ӘЖ және КЖ-де тоқ және температура бойынша рұқсат етілетін артық жүктемелер. 6. Электр станциялары мен желілерінің техникалық пайдалану қағидалары, электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы ережелері. 7. Электр берілісі желілеріне қызмет көрсету жөніндегі шебердің қызмет сферасына кіретін жабдықтарды және саймандарды пайдалану нұсқаулықтары. 8. Электр қондырғыларында қолданылатын қорғаныс құралдарын пайдалану және сынау ережелері, оларға қойылатын техникалық талаптар. 9. ӘЖ және КЖ жұмыстарына рұқсат беру, жөндеуге тапсыру және жөндеуден қабылдау тәртібі. 10. Жоғары кернеулі электр беру желілеріне жөндеу және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын ұйымдастыру және орындау технологиясы. 11. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша ішкі еңбек тәртібі, Өндірістік санитария қағидалары, өрт қауіпсіздігі талаптары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Еңбек функциясы 2:		

ӘЖ және КЖ берілісі ақауларын анықтау және оларды жою	Дағды 1: Электр беру желілерін монтаждау бойынша жұмыстардың орындалу сапасына техникалық бақылаудың орындалуы	Машықтар:
		1. Салыну барысындағы және қайта жаңғыртылатын ӘЖ және КЖ бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарының орындалу сапасына техникалық бақылау жүргізу. 2. Монтажға берілетін тірек конструкцияларының элементтері, сымдар, тростар, кабельдер, гарнитуралар, арматура, изоляторлар және басқа да бұйымдардың стандарттардың, техникалық шарттардың және жобалық құжаттаманың талаптарына сәйкестігін тексеру. 3. ӘЖ және КЖ паспорттарын, желілік құрылыстардың жөндеу формулярларын және басқа да есептік құжаттамаларды толтыру. 4. Бекітілген тізімге сәйкес статистикалық және басқа да есептілікті дайындау және құру. 5. ӘЖ және КЖ бір желілік схемаларын жасау және оларға өзгерістер енгізу. 6. Пайдаланушыларға ӘЖ және КЖ техникалық жағдайы, жекелеген желілік құрылыстар, орнатылған бекіту индикаторларының, зақымдану орындарын анықтау құралдарының және басқа да құрылғылардың орналасуы мен техникалық жағдайы туралы ақпаратты дайындау және ұсыну.
		Білімдер:
		1. ӘЖ және КЖ негізгі жабдықтары мен құрылыстарының техникалық сипаттамалары, конструктивтік ерекшеліктері. 2. Электр станциялары мен желілерін техникалық пайдалану ережелері. 3. Жоғары кернеулі электр беру желілерін пайдалану мәселелері бойынша ұйымдастырушылық-басқарушылық, нормативтік және әдістемелік құжаттар. 4. Электр қондырғыларын орнату ережелері. 5. Электр энергетика ұйымдарындағы персоналмен жұмыс істеу ережелері. 6. Энергетикалық жабдықтарды жөндеу және монтаждау кезінде қолданылатын құралдар мен құрылғыларды пайдалану ережелері. 7. Өндірістегі апаттар мен басқа да технологиялық бұзушылықтарды, жазатайым оқиғаларды тергеу және есепке алу бойынша нұсқаулықтар мен ережелер. 8. Жекелеген ӘЖ және КЖ қалыпты, апаттық, апаттан кейінгі және жөндеу режимдері, ӘЖ және КЖ бойынша ток және температура бойынша рұқсат етілетін артық жүктемелер. 9. Электр қондырғыларында қолданылатын қорғаныс құралдарын пайдалану және сынау ережелері, оларға қойылатын техникалық талаптар. 10. ӘЖ және КЖ жұмысқа рұқсат беру, жөндеуге тапсыру және жөндеуден қабылдау тәртібі. 11. Жоғары кернеулі электр беру желілеріне жөндеу және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын ұйымдастыру және орындау технологиясы. 12. Жоғары кернеулі электр беру желілерінің жанында жұмыстар жүргізу кезінде электр желілерін қорғау ережелері. 13. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша ішкі еңбек тәртібі, өндірістік санитария қағидалары, өрт қауіпсіздігі талаптары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды

	Дағды 2: ӘЖ, КЖ және электр бер желілерін пайдалануға талдау	Машықтар:
		1. ӘЖ және КЖ жабдықтарының жұмыс істеу жағдайларын анықтау. 2. Жоспардан тыс жұмыстардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру. 3. ӘЖ және КЖ қызметінің мерзімдерін ұзарту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру. 4. Жөндеу аралық мерзім, жабдықтардың сақталуын жақсарту, оларды пайдалануда сенімділіктің артуы жөніндегі құжаттарды жүргізу. 5. Жөндеу аралық мерзімдердің көрсеткіштерін талдау. 6. Жабдықтардың сақталуын жақсарту, оны пайдалану сенімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру. 7. Жабдықтардың артық тозуының, оның іркілістерінің себептерін талдау, апаттарды тергеу. 8. Жабдықтардың, ӘЖ және КЖ артық тозуының алдын алу және жою жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және енгізу.
		Білімдер:
		1. ӘЖ және КЖ негізгі жабдықтары мен құрылыстарының техникалық сипаттамалары, конструктивтік ерекшеліктері. 2. Электр станциялары мен желілерін техникалық пайдалану ережелері. 3. Жоғары кернеулі электр беру желілерін пайдалану мәселелері бойынша ұйымдастырушылық-басқарушылық, нормативтік және әдістемелік құжаттар. 4. Электр қондырғыларын орнату ережелері. 5. Электр энергетика ұйымдарындағы персоналмен жұмыс істеу ережелері. 6. Энергетикалық жабдықтарды жөндеу және монтаждау кезінде қолданылатын құралдар мен құрылғыларды пайдалану ережелері. 7. Өндірістегі апаттар мен басқа да технологиялық бұзушылықтарды, жазатайым оқиғаларды тергеу және есепке алу бойынша нұсқаулықтар мен ережелер. 8. Жекелеген ӘЖ және КЖ қалыпты, апаттық, апаттан кейінгі және жөндеу режимдері, ӘЖ және КЖ бойынша ток және температура бойынша рұқсат етілетін артық жүктемелер. 9. Электр қондырғыларында қолданылатын қорғаныс құралдарын пайдалану және сынау ережелері, оларға қойылатын техникалық талаптар. 10. ӘЖ және КЖ жұмысқа рұқсат беру, жөндеуге тапсыру және жөндеуден қабылдау тәртібі. 11. Жоғары кернеулі электр беру желілеріне жөндеу және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын ұйымдастыру және орындау технологиясы. 12. Жоғары кернеулі электр беру желілерінің жанында жұмыстар жүргізу кезінде электр желілерін қорғау ережелері. 13. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша ішкі еңбек тәртібі, Өндірістік санитария қағидалары, өрт қауіпсіздігі талаптары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Бейімділік Жауапкершілік Командада жұмыс істей білу Нәтижеге ұмтылу, ұйымдастырушылық қабілет, командада жұмыс істей білу, жоғары бейімделгіштік. Ұйым стратегиясы, саясаты мен мақсаттары аясында еңбек және оқу қызметі процестерін дербес басқару және бақылау, мәселелерді талқылау, тұжырымдарды дәлелді түрде негіздеу және ақпаратпен сауатты жұмыс істеу	

Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	Электр станциялары мен желілерін техникалық пайдалану қағидалары, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы №247 бұйрығы; Электр станцияларының және жылу желілерінің жылу-механикалық жабдықтарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидалары, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №122 бұйрығы; Энергетика кәсіпорындары үшін өрт қауіпсіздігі қағидалары, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №123 бұйрығы; Электр қондырғыларын орнату қағидалары, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №230 бұйрығы; Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидалары, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №253 бұйрығы; Энергетикалық ұйымдарында персоналмен жұмыс істеу қағидалары, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы №234 бұйрығы.	
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	7	Бас инженер
	6	Инженер

4-ші тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

13. Мемлекеттік органның атауы:
Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі
Орындаушы:
Асылканов Султан Бауржанович, +7 (717) 278 97 65, s.assylkanov@energo.gov.kz
14. Әзірлеуге қатысатын ұйымдар (кәсіпорындар):
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ
Жоба жетекшісі:
Аязбаев Нуржан Маратович
E-mail: nayazbayev@azhk.kz
Телефон нөмірі: +7 (747) 466 62 58
Орындаушылар:
Аязбаев Нуржан Маратович, +7 (747) 466 62 58, nayazbayev@azhk.kz
15. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес: 04.07.2025 ж.
16. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган: 31.07.2025 ж.
17. «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы: -
18. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: Нұсқа 2, 2025 ж.
19. Болжамды қайта қарау күні: 31.12.2028 ж.